

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДСКАЯ КОМПАНИЯ</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС</b>	
<b>Құжат атапуы: «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес дайымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>		
<b>Құжат түрі:</b> <b>Саясат</b>	<b>Код: КМТФ-РТ-114.1-13</b>	<b>21 беттің 1-беті</b>
<p>Әзірледі: Комплаенс офицер Е.С.Мырзаханов 20 <u>22</u> жылғы «<u>и</u>» <u>жаранды</u></p>	<p>Макұлданды ҚТКФ Басқармасының жылғы «<u>07</u> мейдусы шешімімен</p> <p>№ <u>25</u> хаттама</p>	<p>Бекітілді ҚТКФ Қадағалау кеңесінің 20 <u>23</u> жылғы «<u>4</u>» <u>наурыз</u> шешімімен № <u>01-23/НС</u> хаттама</p>

### МАЗМҰНЫ

1. ҚҰЖАТ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	2
2. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ .....	3
3. АНЫҚТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....	4
4. ЖАУАПКЕРШІЛІК .....	6
5. МУДДЕЛЕР ТАРТЫСЫНЫҢ ТУРЛЕРІ .....	7
6. МУДДЕЛЕР ТАРТЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП ЖАРИЯ ЕТУ ТАЛАПТАРЫ .....	9
7. МУДДЕЛЕР ТАРТЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП ЖАРИЯ ЕТУ ТӘРТІБІ .....	10
8. МУДДЕЛЕР ТАРТЫСЫН РЕТТЕУ БОЙЫНША ШАРАЛАР .....	11
9. МУДДЕЛЕР ТАРТЫСЫНЫҢ ТІЗІЛІМІНЕ МОНİТОРИНГ ЖУРГІЗУ .....	12

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>ҚАРГАЛАМАННЫҢ ОРГАНЫ СІХОДАМЫ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 2-беті</b>

## **1. ҚҰЖАТ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 13 ақпандағы шешімімен (№1/2020 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Саясатына сәйкес әзірленді және «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС бойынша мүдделер тартысын басқарудың, процесс қатысуышыларының, олардың міндеттерінің, функцияларының, өкілеттіктері мен жауапкершілігінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ мүдделер тартысының қағидаттары мен кезендерін айқындайды. Саясат барлық Қызметкерлер мен Лауазымды тұлғалардың Жеке мүдделері тиісінше «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС мүдделеріне қайшы келуі мүмкін жағдайдан сақтандыру мақсатында осылар ұстануға тиіс негізгі қағидаттар мен қағидаларды айқындайды.

1.2. Осы «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясатының мақсаты Бірыңғай мүдделер тартысын басқару жүйесін құру, сондай-ақ Қызметкерлердің және/немесе Лауазымды тұлғалардың мінез-құлқына қойылатын талаптарды айқындау болып табылады, осыны ұстану олардың өз қызметтік міндеттерін (немесе қандай да болмасын комитеттер, комиссиялар және т.б. сияқты корпоративтік сайланбалы органдардың шеңберінде міндеттемелер) адал әрі ұстірттіксіз орындауды және бейтарап шешім қабылдауды қамтамасыз етеді.

1.3. Саясаттың негізгі міндеттері:

1) «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС Қызметкерлерге және Лауазымды тұлғаларға осы қағидаттарды ұстану бойынша Мүдделер тартысы мен талаптарына қатысты негізгі қағидаттарды белгілеу;

2) әлеуетті Мүдделер тартысы туралы ақпаратты ашып жария ету бойынша рәсімдерді, басқарушы шешімдерді қабылдау тетіктерін және қалыптасқан Мүдделер тартысының жағдайларында Қызметкерлер/Лауазымды тұлғалардың мінез-құлқының нормаларын айқындау;

3) Қызметкерлерге және Лауазымды тұлғаларға «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС бойынша мүдделер тартысын анықтау, басқару және реттеу бойынша алынған шаралар туралы жалпы ақпаратты беру болып табылады.

1.4. Қызметкер және Лауазымды тұлға өз қызметтік міндеттерін орындау кезінде «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС мүдделерін өз Жеке мүдделерінен жоғары ұстауға тиіс.

1.5. Мүдделер тартысына жол бермеу туралы талаптар барлық Қызметкерлерге және Лауазымды тұлғаларға қатысты қолданылады.

1.6. Қызметкерлер және Лауазымды тұлғалар Мүдделер тартысын болдырмау және реттеу бойынша шараларды алуға тиіс.

1.7. Егер Қызметкерге және Лауазымды тұлғаға туындаған Мүдделер тартысы туралы белгілі болған жағдайда, олар осы сияқты тартыс туралы ҚТКФ «Жедел желісіне» дереу хабарлауға тиіс.

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>Национальная морская транспортная компания</small>	<b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттін 3-беті</b>

## **2. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ**

2.1. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясатын ҚТКФ барлық Қызметкерлері және Лауазымды тұлғалары орындауы міндетті болып табылады.

2.2. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері және лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты мыналарға қатысты қолданылады:

2.2.1. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС;

2.2.2. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС еншілес ұйымдары;

2.2.3. осы сияқты бірлесе бақыланатын ұйымның басқадай акционерлері/қатысуышылары қарсы болмаған жағдайда «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС бірлесе бақыланатын ұйымдары;

2.2.4. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС компаниялары тобының қаржы есептілігінде шоғырландырылған «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС бірлескен кәсіпорындары.

2.3. Егер «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС еншілес ұйымдарының ішкі нормативтік құжаттары немесе еншілес ұйымдардың тұрғылықты жері бойынша мемлекет занамасы осы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясатының ережелеріне қарағанда неғұрлым қатаң талаптар белгілейтін болса, еншілес ұйымдардың ішкі нормативтік құжаттарының ережелері немесе занамалық талаптар қолданылатын болады.

2.4. Осы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясатын ҚТКФ компаниялары тобының (қаржы есептілігі мақсаттары үшін шоғырландырылған компаниялар) қаржы инвестицияларына қатысты қолданылмайды.

2.5. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясатын қолданысқа енгізу осыған ұқсас саясаттарды әзірлеу және бекіту немесе «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының ішкі құжаттарын осы Саясатпен өзара сәйкестендіру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Осы ретте осыған ұқсас саясаттарда және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар осы Саясатпен көзделген талаптардан төмен болмауга тиіс.

2.6. Егер «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясатының жекелеген ережелері әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге немесе әлдекімнің тиісінше міnez-құлық қағидалары туралы жеке көзқарасына қайши келген жағдайда, осы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясатының ережелері қолданылады.

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>ҚАДАҒАЛАУЫМДЫК МОРСКАЙ СТОЛБОЧНАЙ КОМПАНИЯ</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес үйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттін 4-беті</b>

### 3. АНЫҚТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

<b>Жақын тұмалар</b>	ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сінлілер (ага-қарындастар), ата, әже, немерелер
<b>Жедел желі</b>	<p>Коммуникативті арналар:</p> <p><b>ҚТКФ «Жедел желісі»:</b> Сенім телефоны: <a href="tel:+77292535823">+7 (7292) 535 823</a> E-mail: <a href="mailto:doverie@kmtf.kz">doverie@kmtf.kz</a></p> <p><b>Орталықтандырылған «Жедел желі»:</b> Телефон: <a href="tel:88000804747">8 800 080 47 47</a> (ҚР аумағы бойынша қонырау шалу тегін) WhatsApp: <a href="tel:87711918816">8 771 191 88 16</a> Интернет портал: <a href="http://www.sk-hotline.kz">www.sk-hotline.kz</a> E-mail: <a href="mailto:mail@sk-hotline.kz">mail@sk-hotline.kz</a></p>
<b>Лауазымды тұлғалар</b>	ҚТКФ Қадағалау кеңесі және Басқармасы
<b>EY</b>	ҚТКФ еншілес үйымдары
<b>Инсайдерлік ақпарат</b>	ҚТКФ бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары), олармен жасасқан мәмілелер, сондай-ақ ҚТКФ, коммерциялық құпияны құрайтын оның қызметі туралы дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгілі болмаған және оның ашып жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және ҚТКФ қызметіне теріс әсерін тигізуі мүмкін өзге ақпарат
<b>Тұрғындықтің қызметкерлері</b>	Жиырма бес пайыздан жоғары жарғылық капиталға қатысу үлесі не болмаса заңды тұлғаның орналастырылған акциялары (артықшылыққа ие және қоғам сатып алған акцияларды шегергеннен қалған) тікелей немесе жанама өзіне тиісті болатын не болмаса осы сияқты заңды тұлғаны бақылауды өзге тәртіппен жүзеге асыратын заңды тұлға
<b>Мүдделер тартысы</b>	ҚТКФ Қызметкерінің немесе Лауазымды тұлғасының Жеке пайдасы немесе қызметі ҚТКФ мүдделеріне қайшы келетін немесе осылармен қайшы келуі ықтимал және осылайша олардың өз қызметтік міндеттерін тиісті деңгейде орындамаудың әкеліп соктыруы және ҚТКФ қызметтері мәселелер жөнінде объективті шешім қабылдауға теріс әсерін тигізуі мүмкін кез келген жағдайлар немесе жағдаяттар
<b>Бәсекелес</b>	ҚТКФ және оның ЕК ұсынатын (орындастын, сатып өткізетін) қызметтерге (жұмыстар, тауарлар) ұксас қызметтерді (жұмыстарды орындау, тауарларды

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>национальная морская транспортная компания</small>	<b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 5-беті</b>

	сату) ұсынатын жеке тұлға, дара кәсіпкер немесе занды тұлға)
<b>Контрагент</b>	ҚТКФ өзара шарт/келісім жасасқан не болмаса жасасуын жоспарлап отырған жеке немесе занды тұлға
<b>ҚМГ</b>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
<b>ҚТКФ</b>	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС
<b>Жеке мүdde/жеке дара мүdde/жеке қызығушылық/жеке басына пайда түсіру</b>	Лауазымды тұлғаның/Қызметкердің қызметтік міндеттерін орындаған кезде өзі немесе үшінші тұлғалар үшін ақша, құндылықтар, өзге мүлік және мүлік сипатындағы қызметтер және мүліктік емес құқықтар түрінде кірістерге ие болу мүмкіндігі
<b>Саясат</b>	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты
<b>Саяси маңызды адам</b>	<p>1) Мемлекеттік қызметші – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен респубикалық немесе жергілікті бюджеттерден не болмаса Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік органдада мемлекеттік қызметті атқаратын және мемлекет міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында қызметтік уәкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы;</p> <p>2) Лауазымда тұлға – тұрақты, уақытша немесе арнайы уәкілеттік бойынша билік өкілдерінің функцияларын жүзеге асыратын не болмаса мемлекеттік органдарда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқаратын адам;</p> <p>3) Шетелдік лауазымды тұлға – шет мемлекеттің лауазымды тұлғасы, соның ішінде шетелдік жария жиналысының мүшелері, халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғалары, халықаралық парламент жиналысының мүшелері, шет елдің судьялары және халықаралық соттың лауазымды тұлғалары, сондай-ақ шет елдердің әскери күштері мен өзге әскери құрамаларындағы лауазымды тұлғалар</p>

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>МЕЖДУНАРОДНАЯ МОРСКАЯ СЛУЖБОВАЯ КОМПАНИЯ</small>	<b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ</b> ЖШС және оның еншілес үйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 6-беті</b>

<b>Қызметкер</b>	ҚТКФ еңбек қатанастарында тұратын және жұмысты тікелей еңбек шарты бойынша орындайтын адам, сондай-ақ агенттіктер арқылы шарт бойынша және азаматтық-құқықтық сипатындағы шарт бойынша тартылатын өзге адамдар
<b>Жекжаттар</b>	жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілдері мен апа-сіңлілери (қарындастары), ата-аналары мен балалары
<b>Мүдделер тартысын басқару</b>	Лауазымды тұлғаның немесе Қызметкердің жеке дара мүдделері олардың объективті шешім қабылдауына және қызметтік міндеттерін орындауына, сондай-ақ ҚТКФ мүдделігін білдіруде әрекет ету міндетемесіне қайшы келуі мүмкін жағдайларды болдырмау тетіктерін құру
<b>Мүдделер тартысын реттеу</b>	басқарушы шешімдерді қабылдауға жарамды және осыған өкілетті тиісті органдардың және/немесе тұлғалардың іс-әрекеті, нәтижесінде Қызметкердің және/немесе Лауазымды тұлғаның Мүдделер тартысының ықтимал немесе орын алған салдары жойылады
<b>ҚБ</b>	құрылымдық бөлімше
<b>БЖҚБ</b>	Осы Саясаттың сақталуын бақылау үшін жауапты ҚТКФ ҚБ не болмаса қызметкери
<b>КАҚБ</b>	корпоративтік және ақпараттық қауіпсіздік үшін жауапты ҚБ
<b>АРБ ҚБ</b>	адами ресурстарды басқару үшін жауапты ҚБ
<b>ЗС ҚБ</b>	занды сүймелдеу үшін жауапты ҚБ

#### 4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 4.1. ҚТКФ **БЖҚБ** осы Саясат ережелерін қолданысқа енгізу және оның ережелерімен Лауазымды тұлғаларды және Қызметкерлерді таныстыру, сондай-ақ ҚТКФ Қадағалау кеңесіне тиісінше есеп материалдарын қалыптастыра отырып осы Саясатта белгіленген талаптардың қолданысқа енгізілуіне бақылауды жүзеге асыру үшін жауапты болады.
- 4.2. ҚТКФ ҚБ басшылары өз Қызметкерлерін осы Саясатпен таныстыруды қамтамасыз етуге тиіс.
- 4.3. Әрбір қызметкер атқарып отырған қызметіне қарамастан осы Саясат талаптарын ұстану үшін жауапты болады және әрбір Лауазымды тұлғага осы бойынша жауапкершілікті артады.
- 4.4. Қызметкерлер және Лауазымды тұлғалар Жеке мүдделерінің ҚТКФ мүдделеріне қайшы келуін уақтылы анықтау, Мүдделер тартысын уақтылы декларациялау, сондай-ақ нақты немесе әлеуекті Мүдделер тартысын реттеуге белсенді атсалысу үшін дербес жауапты болады.

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>Національна морська транспортна компанія</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ</b> ЖШС және оның еншілес үйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 7-беті</b>

4.5. ҚТКФ Мүдделер тартысы туралы мәліметті жасыруды және/немесе уақтылы не болмаса толықтай ашып жария етпеуді сенім жоғалту немесе алдау деп ұғынады. Саясат ережелерін орындау тәртіптік жаза ретінде пысықталады және Қызметкерді тәртіптік жауапкершілікке тартуға негіздеме болып табылады.

4.6. Қызметкерлер және Лауазымды тұлғалар өз Жеке мүдделерімен байланысты мәселелердің қызметке тағайындалуына немесе кейінгі уақытта осы қызметті атқаруына орай туындастын Мүдделер тратысынан барынша аулақ болатында тәртіппен шешілуі үшін жауапты болады.

4.7. Қызметкерлер және Лауазымды тұлғалар әрдайым басқадай Лауазымды тұлғалар және Қызметкерлер үшін парасатты және этикалық мінез-құлық үлгісі болатында тәртіппен әрекеттенуге және Саясаттың орындалуын белсенді қолдауға тиіс.

4.8. Қызметкерлер және Лауазымды тұлғалар Мүдделер тратысының кез келген салдарын жұмсарутға, соның ішінде уыстан шығарып алушы мейлінше азайтуға немесе ҚТКФ келтірілген залады өтеуге міндettі болады, егер осы қолданылатын болса.

## 5. МҮДДЕЛЕР ТАРТЫСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

5.1. Мүдделер тратысын мыналар құрауы мүмкін:

5.1.1. Инсайдерлік ақпаратты жеке мақсаттарда қолдану

1) Қызметкердің және лауазымды тұлғаның Жеке басының пайдасы үшін Инсайдерлік ақпаратты қолдану арқылы тікелей немесе жанама мәмілелерді жасасуды жүзеге асыруы;

2) Қызметкердің Жеке басының пайдасы мақсатында қызметтік міндettерді орындаудына байланысты Қызметкерге немесе Лауазымды тұлғаға қолжетімді болған кез келген құпиялы ақпаратты (дербес деректерді, коммерциялық құпияны қосқанда, бірақ осылармен шектелмейтін) қолдануы;

3) үшінші тұлғаларға ҚТКФ Инсайдерлік ақпаратын немесе кез келген құпия ақпаратты (ҚТКФ Қызметкерлерінің және Контрагенттері өкілдерінің дербес деректерін, коммерциялық құпияны қосқанда) беру;

5.1.2. Қызметтік өкілеттіктерін асыра қолдану және өз қызметтік міндettеріне немкүрайлы қарау

1) Қызметкердің Жеке басына пайда табу үшін өз қызметтік міндettерін қолдану мүмкіндігін беретін атқарушылық және бақылау функцияларын қоса атқаруы;

2) Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның Жеке басына пайда түсіру мақсатында өз өкілеттіктерін асыра атқаруы немесе өз өкілеттіктерін теріс пайдалануы;

3) Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның Жеке басына пайда түсіру мақсатында басқадай Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның қызметтік міндettерін орындаудына кедіргі келтіруі;

4) өзін шешім қабылдау процесіне тарту және жеке басына сыйақы айқындау;

5) ҚТКФ қызметін жүзеге асыру барысында Жеке басының мүдделері ҚТКФ мүдделеріне қайши келетін іскерлік шешім қабылдау, осы бойынша процеске немесе мәмілеле тікелей немесе жанама қатысу және осыған әсерін тигізу;

6) табыс көру немесе өзге Жеке басына пайда түсіру мақсатында мәміле тараптарының бірі ҚТКФ болып табылатын мәмілеле қатысу, егер осы сияқты қатысу ең алдымен үәкілетті органмен жазбаша түрде макұлданбаған болса;

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>ҚАРДИНАЛЫМ МОРСКАЙ СЛУЖБОЧНАЙ КОМПАНИЯ</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 8-беті</b>

### 5.1.3. ҚТКФ Қызметкердің және Лауазымды тұлғаның өз функцияларын орындауды

1) Қызметкерді жұмысқа қабылдау немесе оның қызметтік міндеттеріне өзгерістерді енгізу және осының нәтижесінде Қызметкер және оның Жақын тумалары, жұбайы, Жекжаттары оның тікелей бағынысында болып, ол Жақын тумаларына, жұбайына, Жекжаттарына қатысты кез келген кадрлық шешімдерді (еңбек жалақысының өзгерістері, сыйлықақы белгілеу, нақтылы функционалдық міндеттерді белгілеу, қызмет бойынша көтеру және т.б. шешімдерді қабылдауды қоса алғанда) қабылдайтын болса;

2) Лауазымды тұлғаны тағайындау немесе сайлау және осының нәтижесінде Лауазымды тұлға Жақын тумаларына, жұбайына, Жекжаттарына қатысты кез келген кадрлық шешімдерді қабылдайтын болса;

3) ҚТКФ алқалы органында не болмаса оның ЕҮ Жақын тумаларымен, жұбайымен, Жекжаттарымен бірге жұмыс жасайтын не болмаса ортақ функцияларды орындайтын болса;

### 5.1.4. Тендерлік рәсімдерде Мүдделер тартысы

1) тендер комиссиясының мүшесі - Қызметкердің тендерлік рәсімдерге қатысқан занды тұлғаның жарғылық/акционерлік капиталында үлесі болған не болмаса Қызметкер осы сияқты занды тұлғаның бенефициарлық иесі болып табылатын болса;

2) тендер комиссиясының мүшесі - Қызметкердің Жақын тумалары, жұбайы, Жекжаттары тендерлік рәсімге қатысқан занды тұлғада жұмыс жасайтын болса немесе осы сиқты Қызметкердің Жақын тумалары, жұбайы, Жекжаттары осы сияқты занды тұлғаның жарғылық/акционерлік капиталында үлесі болса;

3) тендерлік рәсімге қатысуға өтінім берген занды тұлғаның бағалы қағаздары тендер комиссиясының мүшесі – Қызметкерге және/немесе оның Жақын тумаларына, жұбайына, Жекжаттарына тиісті болса;

### 5.1.5. ҚТКФ және оның ЕТҮ тыс жерде жұмыс жасау және іскерлік белсенділік таныту

1) ҚТКФ және ЕҮ ағымдағы қызметті атқара отырып Контрагентте және/немесе Бәсекелесте басшы қызметке тағайындалуы, Директорлар кеңесі басқару органының мүшесі немесе акционер болып тағайындалуы немесе сайлануы. Сондай-ақ, осы ереже Қызметкердің/Лауазымды тұлғаның Мүдделер тартысы туралы дер кезінде хабардар еткен жағдайларды қоспағанда Жақын тумаларына, жұбайына, Жекжаттарына қатысты қолданылады;

2) Қызметкердің немесе Лауазымды тұлғаның Қызметкердің Жеке басына пайда түсіру мақсатында басқаларының мүдделеріне залал келтіре отырып белгілі бір Контрагенттің мүдделеріне мүдделік танытуын көздестіретін Контрагент қызметіне атсалысуы және/немесе Жеке басына пайда түсіру мақсатында Контрагент мүдделеріне залал келтіре отырып өз мүдделігін танытуы;

3) Қызметкер немесе Лауазымды тұлға осылардың Қызметкері/Түпкілікті бенефициары болып табылатын ҚТКФ мүдделері мен өзге занды тұлғалардың немесе дара кәсіпкерлердің мүдделері арасындағы қайшылық. Осы занды тұлғаның жұмысына тартылуы немесе өзге занды тұлғага қатысуы/иесі болуы салдарынан Қызметкердің ҚТКФ алдында өз міндеттерін адал орындауды мүмкін болмайды;

4) ҚТКФ және оның ЕҮ бәсекелес болу, соның ішінде кез келген іскерлік мәмілелер және инвестициялық жобалар бойынша шектеусіз бәсекелестік;

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>ҰЛТЫҚ САРАСЫНЫҢ МӨБІЛЕКІН СІХСЕКІСІНІҢ КОМПАНИЯСЫ</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес үйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мұдделер тартысын реттеу саясаты</b>	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 9-беті</b>

5) ҚТКФ алдын ала хабардар етпей және уәкілетті органнан жазбаша рұқсат алмай ҚТКФ немесе оның ЕҰ немесе оның Контрагенттеріне тиісті активтердің бірін сатып алу немесе мұнда Жеке басының мұдделерін сақтауы. Осы мұдделіктен бас тартқан (жеке улесін сату, меншік құқығын қайта тіркеу және өзгесі) жағдайда, Егер Қызметкер Контрагентке ықпал етуді жалғасыратын болса, мұдделер тартысы сақталады. Мұдделер тартысы осы Саясатқа сәйкес реттеледі;

6) Қызметкерлердің Контрагенттерге қызметтерді ұсынуы, Контрагенттерде қоса қызметті атқару арқылы жұмыс жасау;

7) бұдан бұрын жұмыс жасаған Қызметкерлермен, сондай-ақ бұдан бұрын жұмыс жасаған Қызметкерлермен үлестес болған занды тұлғалармен шарттарды жасасу, егер осы сияқты Қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу сәтінен бастап кемінде 2 (екі) жыл өткен болса;

8) ҚТКФ қызметін жүзеге асыратын кез келген компанияны инвестициялау, егер Қызметкер немесе Лауазымды тұлға және/немесе оның үлестес болған тұлғалары осы сияқты компанияның шешімдерді қабылдаудың ықпал ететін болса;

#### 5.1.6. Саяси маңызды адамдармен өзара іс-қимыл жасау

1) Қызметкердің ҚТКФ қызметтік мінедеттерін атқаруы шеңберінде Саяси маңызды адамдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде Жеке басының мұдделерін таныту жағдайының болуы.

5.2. Саясаттың 5.1. тармағында баяндап тізбе түпкілікті болып табылмайды. ҚТКФ Қызметкерлері және Лауазымды тұлғалары өзге жағдайларда Мұдделер тартысына өз бетімен баға беруге тиіс.

5.3. БЖҚБ тарапынан 5.1. тармақта көрсетілген тізбеге енгізілмеген, бірақ «мұдделер тартысы» анықтаудың жауап беретін Мұдделер тартысы анықталған кезде:

1) Қызметкерге бұзушылыққа жол беру туралы хабарлама жолданады (қандай да болмасын кейінгі санкцияларсыз);

2) анықталған Мұдделер тартысы осы Саясатқа сәйкес реттеледі.

## 6. МУДДЕЛЕР ТАРТЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП ЖАРИЯ ЕТУ ТАЛАПТАРЫ

6.1. Мұдделер тартысы анықталған жағдайда Қызметкер және/немесе Лауазымды тұлға тез арада және толық көлемде Мұдделер тартысы туралы ақпаратты ашып жария етуге, сондай-ақ оны реттеуге белсенді ықпалдасуға тиіс.

6.2. Қызметкер және/немесе Лауазымды тұлға БЖҚБ Мұдделер тартысы туралы мәліметті жолдайды. БЖҚБ осы мақсатта мұдделер тартысы туралы ақпаратты тіркеуге және жүргізуге арналған журналды (бұдан әрі – тіркеу журналы) осы Саясатқа қоса берілген 1 Косымша үлгілік нысаны бойынша жүргізеді. Журналды жүргізу қағаз немесе электрондық түрде жүзеге асырылады.

6.3. Осы ретте ҚТКФ мыналарға міндеттенеді:

1) Мұдделер тартысы және оны реттеу процесі туралы мәліметті ашып жария ету процесінің құпиялышының сақтауға;

2) Қызметкерді және/немесе Лауазымды тұлғаны дер кезінде анықталып, реттелген Мұдделер тартысына байланысты құдалаудан қорғауға;

3) Тіркеу журналын жүйелі негізде жаңартып отыруға.

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>Национальная морская судоходная компания</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ</b> ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 10-беті</b>

6.4. Мүдделер тартысы туралы мәліметті ашып жария етуді Қызметкер және/немесе Лауазымды тұлға жазбаша түрде және неғұрлым түсінікті болатындей нысанда жүзеге асырады.

6.5. ҚТКФ БЖҚБ ҚМГ Комплаенс қызметіне тіркеу журналын пысықтау және келісілуін жүргізу үшін тоқсан сайын жолдап отырады.

## 7. МҮДДЕЛЕР ТАРТЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП ЖАРИЯ ЕТУ ТӘРТІБІ

7.1. Қызметкерлер және Лауазымды тұлғалар БЖҚБ Мүдделер тартысының барлық жағдайларын дереу жария етуге тиіс. Қызметкерлер және Лауазымды тұлғалар әлеуетті немесе нақты Мүдделер тартысының болуына/болмауына қатысты күмәнданған жағдайда олар осы турасында ҚТКФ БЖҚБ түсіндірме алуға тиіс.

7.2. Мүдделер тартысының жағдайларын ашып жария етудің (декларациялау) мына тәртібі белгіленеді:

1) Қызметкерлердің және/немесе Лауазымды тұлғалардың Мүдделер тартысын жұмысқа қабылданған/ қызметке тағайындалған кезде бастапқы ашып жария етуі (*Мүдделер тартысы туындаған кезде мәлімдемені 2-Қосымшаға* сәйкес үлгілік нысан бойынша толтыру);

2) Қызметкердің жаңа қызметке тағайындалған және оны атқарып бастаған кезде Мүдделер тартысының ықтималдығы туралы мәліметті ашып жария етуі (*Мүдделер тартысы туындаған кезде мәлімдемені 4-Қосымшаға* сәйкес үлгілік нысан бойынша толтыру немесе *Мүдделер тартысы болмаган жағдайда мәлімдемені 3-Қосымшаға* сәйкес үлгілік нысан бойынша толтыру);

3) Қызметкерлердің және/немесе Лауазымды тұлғалардың Мүдделер тартысының болуы/болмауы туралы үлгілік нысанды жыл сайын толтыруы (*Мүдделер тартысы туындаған кезде мәлімдемені 4-Қосымшаға* сәйкес үлгілік нысан бойынша толтыру немесе *Мүдделер тартысы болмаган жағдайда мәлімдемені 3-Қосымшаға* сәйкес үлгілік нысан бойынша толтыру);

4) жана нақты немесе әлеуетті Мүдделер тартысын тудыратын жағдайлардың туындауына қарай немесе жағдаяттардың өзгерген жағдайында осы туралы мәліметті біржолғы ашып жария ету (*4-Қосымшаға* сәйкес);

5) әрбір Қызметкер 5-Қосымшаға сәйкес үлгілік нысанға сай осы Саясатпен таныстыру парагына өз қолбелгісін қояды. Қол қойған үлгілік нысан АРБ ЖБ, Қызметкердің/Лауазымды тұлғаның жеке ісінде сақталады, қол қойған үлгілік нысанының көшірмесі БЖҚБ беріледі.

7.3. Егер Қызметкерде немесе Лауазымды тұлғада жағдаяттар өзгерген және Мүдделер тартысы қалған уақытта қалыптаспаған жағдайда, осы өзгеріс Саясаттың 1-Қосымшасына сәйкес үлгілік нысан бойынша БЖҚБ тіркеу журналында тіркеледі.

7.4. 2-Қосымшаға, 3-Қосымшаға, 4-Қосымшаға сәйкес үлгілік нысандар қағаз не болмаса электрондық түрлерінде жүргізіледі.

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>Національна морська судоходна компанія</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес үйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 11-беті</b>

## **8. МҮДДЕЛЕР ТАРТЫСЫН РЕТТЕУ БОЙЫНША ШАРАЛАР**

8.1. Қызметкерлерде және/немесе Лауазымды тұлғаларда нақты немесе әлеуетті Мүдделер тартысының болуы туралы ақпарат ҚТКФ алдында туындастын тәуекелдің салмақты болуын бағалау мақсатында **БЖҚБ** пысықтауына келіп түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен жоғары болмайтында мерзімде тексерілуге тиіс.

8.2. **БЖҚБ** Мүдделер тартысының анықталған фактілер туралы ҚТКФ Басқармасының төрағасын (не болмаса оны алмастырған тұлғаны) осы тартыстың оң шешімін табудың неғұрлым икемді нысанын таңдау мақсатында тез арада хабардар етеді.

8.3. Мүдделер тартысын реттеу үшін комиссия құрылып, оған осыған мүдделі барлық тараптар енгізіледі. Комиссияның құрамын **БЖҚБ** айқындайды және оған мына бөлімшелердің өкілдері енгізілуі мүмкін: **БЖҚБ, АРБ ҚБ, ЗҚ ҚБ, ҚБ не болмаса ішкі аудитті жүргізуі үйимдастыру үшін жауапты ҚТКФ қызметкери, ҚБ Басшы қызметкерлері.**

8.4. Мүдделер тартысын реттеудің әрбір нақтылы жағдайында ҚТКФ және Мүдделер тартысы туралы мәліметті ашып жария еткен Қызметкердің және/немесе Лауазымды тұлғаның уағдаласуы бойынша тартысты реттеудің әртүрлі мынадай шаралары айқындалуы мүмкін:

(а) Мүдделер тартысының ықпалында болатын мәселелерді талқылауға және осы мәселелер бойынша шешім қабылау процесіне қатысадан шеттету (тұрақты немесе уақытша);

(б) Қызметкер және/немесе Лауазымды тұлға міндеттерінің аясын және еңбек функцияларын қайта қарau және оған өзгерістерді енгізу;

(в) Қызметкерді және/немесе Лауазымды тұлғаны (Қызметкердің және/немесе Лауазымды тұлғаның келісімі бойынша) Мүдделер тартысына байланысты болмайтын еңбек функцияларын орындауды көздестіретін қызметке ауыстыру/қайта тағайындау;

(г) Қызметкердің ҚТКФ мүдделер тартысын тудыратын Жеке мүдделіктен бас тартуы;

(д) Қызметкер және/немесе Лауазымды тұлға жұмыс жасайтын Контрагентпен шартты бұзу, сондай-ақ Контрагентпен бір жыл ішінде шартты қайта жасасуға мораторий жариялау, егер Қызметкер және/немесе Лауазымды тұлға қалған уақытта Контрагенттің иеленушісі болмаған немесе оның Түпкілікті бенефициары болып табылмайтын болса;

(е) Қызметкермен еңбек шартты бұзу және/немесе Лауазымды тұлғамен шартты бұзу.

8.5. Егер Тартысты реттеу нәтижесінде Қызметкер және/немесе Лауазымды тұлға қалған уақытта Контрагенттің немесе Бәсекелестің иеленушісі болмаған немесе оның Түпкілікті бенефициары болып табылмайтын болса және егер, осы сияқты іс-әрекет нәтижесінде Мүдделер тартысы реттелген болса, Қызметкер және/немесе Лауазымды тұлға Мүдделер тартысының болмауы туралы осы Саясаттың 3-Қосымшасына сәйкес үлгілік нысан бойынша хабарлауға міндетті.

8.6. Мүдделер тартысын реттеу шараларының осы тізбесі түпкілікті болып табылмайды.

8.7. Қызметкерлер және/немесе Лауазымды тұлғалар өз қызметтік міндеттерін орындаі отырып ҚТКФ мүдделерін өз мүдделерінен жоғары ұстайға және іскерлік мәселелерді

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>МЕДИАПЛАТФОРМА МОРСКАЯ ТРANSPORTNAIA KOMPANIYA</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ</b> ЖШС және оның еншілес үйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 12-беті</b>

шешу кезінде тек қана ҚТКФ мүдделерін басшылыққа алуға тиіс. Шешімдерді қабылдау процесі шешім қабылдайтын адамның діни, этникалық, саяси, отбасы немесе өзге жеке басының артықшылықтарына тәуелді болмауға тиіс. Жеке мүдделердің, қатынастардың, ықпал етудің немесе іс-әрекеттің бәрі бірдей автоматты түрде Мүдделер тартысын қалыптастыра бермейді. Қызметкерлер осы Саясаттың тиісінше барлық талаптарын назарға ала отырып парасаттылықты басшылыққа алуға тиіс.

8.8. ҚТКФ өз Қызметкерлерінде нақты Мүдделер тартысының болуына өз қалауынша тыйым салуға құқылы, егер осы сияқты тартыс ҚТКФ мүдделеріне немесе беделіне елеулі нұқсан келтіру тәуекелін тудыратын болса және егер, осы секілді тыйым салулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚТКФ ЕУ тіркелген және/немесе бизнесін жүргізіп отырған мемлекеттің заңнамасына қайшы келмейтін болса.

8.9. Қызметкерлерге, егер Қызметкер немесе Лауазымды тұлға және/немесе оның үлестес тұлғалары осы сияқты компанияның шешім қабылдауына ықпалын тигізбейтін болса тікелей немесе жанама ҚТКФ және оның ЕУ қызметін жүзеге асыратын кез келген компанияны инвестициялауға рұқсат етіледі.

## **9. МҮДДЕЛЕР ТАРТЫСЫНЫҢ ТІЗІЛІМІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ**

9.1. ҚТКФ БЖҚБ Мүдделер тартысының тізіліміне жүйелі мониторинг жүргізуі және оны тексеріп отыруды жүзеге асырады. Тексеріс мына әдістермен жүзеге асырылуы мүмкін:

(а) Мүдделер тартысының белгілерін анықтау үшін сатып алу қызметі бойынша құжаттарға және ақпаратқа сараптама жүргізу;

(б) Түпкілікті бенефициар туралы ақпаратты қоса алғанда Контрагенттердің әлеуетті меншік иелері туралы ақпаратты тексеру;

(в) осы Саясатта көзделген тәртіппен Мүдделер тартысының Декларацияларында көрсетілген мәліметті тексеру;

(г) бұқаралық ақпарат құралдарына және өзге ақпарат көздеріне мониторинг жүргізу және ҚТКФ туралы жағымсыз ақпараттың жарық көру фактілері бойынша уақтылы ден қою;

(д) ҚТКФ ішкі құжаттарында көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзге қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін өзге тәсілдер мен әдістер.

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>национальный морской судоходной компания</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>		
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 13-беті</b>	

1-Қосымша

### **Қызметкерлерде және Лауазымды тұлғаларда мүдделер тартысының анықталуы туралы ақпаратты тіркеу журналы**

<b>№</b>	<b>Қызметкердің Т.А.Ә.а, ҚБ</b>	<b>Мүдделер тартысының сипаттамасы</b>	<b>Мүдделер тартысы туралы хабардар ету күні</b>	<b>Мүдделер тартысының реттелген күні (егер қолданылатын болса)</b>	<b>Реттеу мәртебесі (мүдделер тартысының егжей-тегжей/реттеу нысаны)</b>	<b>Қызметкердің қолы</b>	<b>Тікелей басшының қолы</b>

 <b>Саясат</b>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ</b> ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты	<b>КМТФ-РТ-114.1-13</b>	<b>21 беттің 14-беті</b>
--	---	-------------------------	--------------------------

2-Қосымша

## МУДДЕЛЕР ТАРТЫСЫНЫҢ ҮҚТИМАЛДЫҒЫ ТУРАЛЫ БАСТАПҚЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП ЖАРИЯ ЕТУ

20\_\_ жылды «\_\_» \_\_\_\_\_ каласы

### 1. Контрагенттер шығарған бағалы қағаздар туралы мәлімет:

Бағалы қағаз түрі: акция, облигация, вексель, еврооблигация, корпоративтік облигация, пай, туынды қаржы құралы (нота, опцион, фьючерс, форвард және өзгесі).

Мен Контрагенттер шығарған бағалы қағаздарды сатып алу ниетім және/ немесе менің Жақын тумаларымның/жұбайымның/Жекжаттарымның сатып атуыниеті туралы мәліметті жария етемін:

№ р/н	Атаулы ұстаушының/ меншіктенушінің атауы	Бағалы қағаз түрі	Эмитент	Саны (дана)

### 2. ҚТКФ және оның ЕҰ Контрагенттерінде /Бәсекелестерінде бенефициарлық иелену/қатысу үлесі және осы компанияларда басшы болу туралы мәлімет:

Мениң iesi/Tұрғындағы бенефициар және/немесе басшы ретінде өзі және/немесе оның Жақын тумалары/ жұбайы/Жекжаттары қатысып отырган/қатысуы жорамалданған заңды тұлғаның атауы. Сондай-ақ, ҚТКФ және оның ЕҰ мүдделік білдіру объектісі болып табылуы мүмкін заңды тұлғалардан (Контрагент/Бәсекелес) қандай да болмасын активтерді/үлесті сатып алу ниеті көрсетіледі.

Заңды тұлғаның жалпы капиталындағы үлесін көрсете отырып Мәслімдемені түзіп жасау күніне қатысу сомасы теңгемен (және/немесе басқадай валютада) жазып көрсетіледі.

№ р/н	Заңды тұлғаның атауы	Қатысу сомасы	Қатысу валютасы

### 3. ҚТКФ және оның ЕҰ Контрагенттерінің немесе Бәсекелестерінің жеке дара және алқалы органдарға қатысуы туралы мәлімет:

Заңды тұлғаның органдарына Мәлімдеуші және/ немесе оның Жақын тумалары/ жұбайы/ Жекжаттары қатысқан немесе лауазымды тұлғасы болып табылатын заңды тұлғаның атауы

Қатысу түрі (Қадағалау кеңесіне, Директорлар кеңесіне, Басқармaga, ЖДАО<sup>1</sup> және өзгесіне қатысуы) жазып көрсетіледі

<sup>1</sup> Жеке дара аткарушы орган

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СЛУЖБОВАЯ КОМПАНИЯ</small>	<b>«Қазақтөңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес үйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 15-беті</b>

№ р/н	Занды тұлғаның атауы	Катысу түрі

#### 4. Саяси маңызды адамдармен байланыс

4.1. Осылаймен, Саяси маңызды адамдармен жеке мүдделерімнің туындауы/ мүдделер тартысының ықтималдығы /туындауы/ қалыптасуы туралы (қажеттігіне қарай белгілеп көрсетіңіз) хабарлаймын:

№ р/н	Мүдделер тартысының ықтималдығы (мүдделер тартысының/жеке мүдделерінің сипаттамасы)

4.2. Осылаймен, мен және менің Жақын тумаларым/ жұбайым/ Жекжаттарым Саяси маңызды адамдар болып табылатыны/ болып табылғаны туралы хабарлаймын (1. Жақын тумаңыздың ТАӘ.а., оның қызметін, жұмыс орнын, жұмыс жасаған кезеңін жазып көрсетіңіз; 2. Бұдан бұрын атқарған қызметтеріңізді, жұмыс орындарыңызды, жұмыс жасаған кезеңдеріңізді жазып көрсетіңіз).

№ р/н	Жақын туманың/Мәлімдеушінің Т.А.Ә.а	Қызметі	Жұмыс орны	Жұмыс жасаған кезеңі

#### 5. Ақпараттың өзге ашып жария етілуі

5.1. Осылаймен, мен және менің Жақын тумаларым/ жұбайым /Жекжаттарым ҚМГ, ҚТКФ және/немесе оның ЕҰ тиісті активтерді сатып алуға ниет білдіріп отырғанын хабарлайды:

№ р/н	Жақын туманың/Мәлімдеушінің Т.А.Ә.а	Актив

5.2. Осылаймен, мен ҚТКФ және оның ЕҰ Контрагенттеріне ұсынған қызметтер / өзге іс-қимыл туралы хабарлаймын:

№ р/н	Контрагент	Іс-қимыл түрі (мәселен, ұсынылған кез келген қызметтер)

5.3. Осылаймен, мен ҚМГ, ҚТКФ және оның ЕҰ менің Жақын тумаларым/ жұбайым /Жекжаттарым жұмыс жасайтыны және қызметтерге тағайындалғаны туралы хабарлаймын:

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>национальная морская судоходная компания</small>	<b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес үйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мудделер тартысын реттеу саясаты</b>	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 16-беті</b>

<b>№ р/н</b>	Жақын туманың/ жұбайымның /Жекжаттарымның ТАӘ.а	Жақын туманың/ жұбайымның /Жекжаттарымның атқарып отырған қызметі

Осымен, мен мәлімдемеде көрсеткен барлық ақпарат толық, ақиқат және дәйекті берілгенін растаймын.

Т.А.Ә.а., қызметі, бөлімше атауы

Колы:

БЖҚБ<sup>1</sup> («Пысықталды»):

Т.А.Ә.а., қызметі, колы

<sup>1</sup> Саясаттың сакталуын бакылау үшін жауапты КБ не болмаса ҚТКФ қызметкери

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>национальная морская транспортная компания</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>		
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 17-беті</b>	

3-Қосымша

### МҮДДЕЛЕР ТАРТЫСЫНЫҢ БОЛМАУЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

20\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ қаласы

Осылаймен, мен:

- Мен қызметтік міндеттерімді мұлтіксіз орындауға теріс әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін мүдделер тартысының /жеке бас мүдделерімнің болмауын растаймын;
- Менің жеке өзімде, сондай-ақ үлестес тұлғалар арқылы ҚТЕФ және/немесе оның ЕҰ бәсекелес болып келетін ұйымдарда меншік үлесім/акцияларым жоқ;
- Мен жеке басыма пайда табу не болмаса ҚМГ, ҚТКФ және/немесе оның ЕҰ бәсекелес болу мақсатында корпоративтік меншікті, ақпаратты немесе қызметтік жағдайымды пайдаланбаймын;
- Мен, ҚТКФ және/немесе ЕҰ бойынша сатуды немесе сатып алуларды, активтерді сатып өткізуіді және сатып алушы, ҚТКФ және/немесе ЕҰ ақшалай қаражатын инвестициялауды және өзгесін қоса алғанда, бірақ осылай шектелмейтін қызметті жүзеге асыру нәтижесінде туындауы мүмкін жеке басыма пайда табу үшін өз қызметтік жағдайымды пайдаланбаймын;
- Мен ҚТКФ және/немесе оның ЕҰ Котрагентінің директоры, акционері, серіктесі, үлестес тұлғасы немесе оның қандай да болмасын байланыста болатын тұлғасы болып табылмаймын;
- Мен қызметтік міндеттерімді ҚТКФ Жарғысының, Іскерлік этика кодексі мен басқадай ішкі құжаттарының ережелерімен қатаң сәйкестікте орындаімын;
- Мен Саяси маңызды адамдармен барлық туыстық байланыстарым туралы хабардар еттім;
- Мен Саяси маңызды адам ретінде бұдан бұрын қандай қызметтерді атқарғаным туралы хабардар еттім;
- Мен әлеуетті мүдделер тартысы туындаған жағдайда осы жайлы тез арада хабардар етуге міндеттенемін.

Мәлімдеушінің Т.А.Ә.а., қызметі, бөлімше атауы

Колы: \_\_\_\_\_

БЖҚБ<sup>1</sup> («Пысықталды»):

Т.А.Ә.а., қызметі, колы

<sup>1</sup> Саясаттың сакталуын бакылау үшін жауапты ҚБ не болмаса ҚТКФ қызметкери

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>национальная морская судоходная компания</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>		
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 18-беті</b>	

4-Қосымша

**ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ  
ЖАҒДАЙТАР ӨЗГЕРГЕН КЕЗДЕ МҮДДЕЛЕР ТАРТЫСЫНЫҢ ЫҚТЫМАЛДЫҒЫ ТУРАЛЫ  
АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУ**

20\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_

каласы

Осымен әлеуетті мүдделер тартысының туындауы туралы мәлімдеймін.

**1. Контрагенттер шығарған бағалы қағаздар туралы мәлімет:**

Бағалы қағаз түрі: акция, облигация, вексель, еврооблигация, корпоративтік облигация, пай, туынды қаржы құралы (нота, опцион, фьючерс, форвард және өзгесі).

Мен Контрагенттер шығарған бағалы қағаздарды сатып алу ниетім және/ немесе менің Жақын тұмаларымның/жұбайымның/Жекжаттарымның сатып алуы ниеті туралы мәліметтің жария етемін:

№ р/н	Атаулы ұстаушы/ меншіктенуші атауы	Бағалы қағаз түрі	Эмитент	Саны (дана)

**2. ҚТКФ және оның ЕҰ Контрагенттерінде /Бәсекелестерінде бенефициарлық иелену/қатысу үлесі және осы компанияларда басшы болуы туралы мәлімет:**

Мениң үесі/Тұпкілікті бенефициар және/немесе басшы ретінде өзі және/немесе оның Жақын тұмалары/ жұбайы/Жекжаттары қатысын отырған/қатысуы жорамалданған заңды тұлғаның атауы. Сондай-ақ, ҚТКФ және оның ЕҰ мүдделік білдіру объектісі болып табылуы мүмкін заңды тұлғалардан (Контрагент/Бәсекелес) қандай да болмасын активтерді/үлесті сатып алу ниеті көрсетіледі.

Заңды тұлғаның жалпы капиталындағы үлесін көрсете отырып Мәлімдемені түзіп жасау күніне қатысу сомасы теңгемен (және/немесе басқадай валютада) жазып көрсетіледі.

№ р/н	Заңды тұлғаның атауы	Қатысу сомасы	Қатысу валютасы

**3. ҚТКФ және оның ЕҰ Контрагенттерінің немесе Бәсекелестерінің жеке дара және алқалы органдарға қатысуы туралы мәлімет:**

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ ТРANSPORTNAIA KOMPANIYA</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес үйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттін 19-беті</b>

Заңды тұлғаның органдарына Мәлімдеуші және/ немесе оның Жақын тумалары/ жұбайы/ Жекжаттары қатысқан немесе оның лауазымды тұлғасы болып табылатын заңды тұлғаның атауы Қатысу түрі (Қадағалау кеңесіне, Директорлар кеңесіне, Басқармаға, ЖДАО<sup>2</sup> және өзгесіне қатысусы) жазып көрсетіледі.

№ р/н	Заңды тұлғаның атауы	Қатысу түрі

#### 4. Саяси маңызды адамдармен байланыс

4.1. Осылмен, Саяси маңызды адамдармен жеке мүдделерімнің туындауы/ мүдделер тартысының ықтималдығы /туындауы/ қалыптасуы туралы (қажеттігіне қарай белгілеп көрсетіңіз) хабарлаймын:

№ р/н	Мүдделер тартысының ықтималдығы (мүдделер тартысының/жеке мүдделерінің сипаттамасы)

4.2. Осылмен, мен және менің Жақын тумаларым/ жұбайым/ Жекжаттарым Саяси маңызды адамдар болып табылатыны/ болып табылғаны туралы хабарлаймын (1. Жақын тумаңыздың ТАӘ.а., оның қызметін, жұмыс орнын, жұмыс жасаған кезеңін жазып көрсетіңіз; 2. Бұдан бүрын атқарған қызметтеріңізді, жұмыс орындарыңызды, жұмыс жасаған кезеңдеріңізді жазып көрсетіңіз).

№ р/н	Жақын туманың/Өтінім берушінің Т.А.Ә.а	Қызметі	Жұмыс орны	Жұмыс жасаған кезеңі

#### 5. Ақпараттың өзге ашып жария етілуі

5.1. Осылмен, мен және менің Жақын тумаларым/ жұбайым /Жекжаттарым ҚМГ, ҚТКФ және/немесе оның ЕҮ тиісті активтерді сатып алуға ниет білдіріп отырганын хабарлайды:

№ р/н	Жақын туманың/Өтінім берушінің Т.А.Ә.а	Актив

5.2. Осылмен, мен ҚТКФ және оның ЕҮ Контрагенттеріне ұсынған қызметтер / өзге іс-қимыл туралы хабарлаймын:

<sup>2</sup> Жеке дара атқаруышы орган

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>ҚАСЫМДАМАН МУРСАЛ СЕРВИССОЛАНЫҚ КОМПАНИЯ</small>	<b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 20-беті</b>

№ р/н	Контрагент	Іс-кимыл түрі (мәселен, ұсынылған кез келген қызметтер)

**5.3. Осымен тендер рәсімінде мүдделер тартысының туындауы туралы хабарлаймын**

№ р/н	Тендер рәсімі	Тендер рәсімінде мүдделер тартысының сипаттамасы

**5.4. Осымен, мен ҚМГ, ҚТКФ және оның ЕҰ менің Жақын тумаларым/ жұбайым /Жекжаттарым жұмыс жасайтыны және қызметтерге тағайындалғаны туралы хабарлаймын:**

№ п/п	Жақын туманың/ жұбайымның /Жекжаттарымның ТАӘ.а	Жақын туманың/ жұбайымның /Жекжаттарымның атқарып отырған қызметі

Осымен, мен мәлімдемеде көрсетілген барлық ақпарат толық, ақиқат және дәйекті берілгенін растаймын.

Т.А.Ә.а., қызметі, бөлімше атауы

Колы:

БЖҚБ<sup>1</sup> («Пысықталды»):

Т.А.Ә.а., қызметі, колы

<sup>1</sup> Саясаттың сакталуын бакылау үшін жауапты ҚБ не болмаса ҚТКФ қызметкери

 <b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> <small>Международная морская судоходная компания</small>	<b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты</b>	
<b>Саясат</b>	<b>KMTF-PT-114.1-13</b>	<b>21 беттің 21-беті</b>

№ 5 Қосымша

## ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ

### «Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚҚ» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты

*Осы таныстыру парагына қол қоя отырып, Қызметкерлер/Лауазымды тұлғалар осы Саясаттың барлық тармақтарын оқып оларды ұғынганын, барлық қажетті түсіндірмелердің берілгенін растайды*

<b>Ф. И. О., ДОЛЖНОСТЬ ЗАЯВИТЕЛЯ, МӘЛІМДЕУШІНІҢ Т.А.Ә.а., МӘЛІМДЕУШІНІҢ ҚЫЗМЕТІ, БӨЛІМШЕ АТАУЫ</b>	<b>ҚОЛЫ</b>

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Жаупапты тұлға («Келісілді»):

---

(Т.А.Ә.а, қызметі, колы)